









ЖОБАЛАРДЫ БАСҚАРУ ПРИНЦИПТЕРІ

-  **Жоба менеджері қолданыстағы этика кодекстерінің бірін таңдап, оны өз іс-әрекетінде басшылыққа** алуы немесе өзінің этикалық принциптерінің жиынын әзірлеуі міндетті.
-  **Жоба менеджері, жобаға шын жүректен қызығушылық танытып,** оны берілген басқару принциптеріне және өзі ұстанатын этикалық принциптерге сәйкес жүзеге асыра алатындығына сенімді болғанда ғана қатысады.
-  **Жобаның басында:**
 - 3.1. Жобаның өнімі мен пайдаларын сипаттап, олар үшін персоналды жауапкершілікті бекітуді қолын жеткізеді;
 - 3.2. Негізгі стейкхолдерлерді және олардың үміттерін айқындайды;
 - 3.3. Стейкхолдерлерді жобаның маңызды рисктері, шектеулері мен шамалары туралы ақпаратпен қамтамасыз етеді;
 - 3.4. Жобаны жоспарлауға қажетті эксперттер құрамын анықтайды;
 - 3.5. Жобаны сәтті жүзеге асыруға қажетті өкілеттіктерді белгілейді.
-  **Жобаны жоспарлағанда:**
 - 4.1. Стейкхолдерлердің құрамын және жобадан күткен үміттерін нақтылайды;
 - 4.2. Стейкхолдерлердің мүдделерінің елеулі қайшылығы туындаған жағдайда, жанжалды жедел шешеді немесе эскалациялайды;
 - 4.3. Жоспарлау құралдарын қолдана отырып, жобаның стейкхолдерлердің үміттерін қанағаттандыратын жағдайда жүзеге асырылатындығына көз жеткізеді; қажет болған жағдайда стейкхолдерлердің үміттерін түзетеді;
 - 4.4. Жоба стейкхолдерлердің үміттері орындалатын ортада жобаның жүзеге асырыла алатындығына көз жеткізгенге дейін жобаны орындауға көшпейді.
-  **Жобаны орындау барысында, үнемі келесі шарттар қадағалап отырады:**
 - 5.1. Жоба стейкхолдерлер үшін әлі де құнды;
 - 5.2. Жоба әлі де стейкхолдерлердің үміттерін қанағаттандыра алады;
 - 5.3. Жоба командасы әлі де жобаның сәттілігіне сенеді.
 - 5.4. Қажет болғанда, жобаны түзетуді немесе тоқтатуды ұсынады, жобаны түзету үшін шаралар қолданады
 - 5.5. Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда, оларды барлық мүдделі тараптардың пікірлерін ескере отырып шешеді.
-  **Жоба аяқталғаннан кейін** алынған сабақтарға талдау жасайды және жеке даму жоспарын түзетеді.

Сәйкессіздік белгілері

Аудит барысында жоба менеджері құжаттарды ұсына алады:

- Жобаны басқарудағы этикалық басқару принциптерін немесе таңдаған этика кодексіне сілтемесін.
- Өнімнің сипаттамасы және жобаның пайдалары және Клиенттің олардың дұрыстығын растауы;
- Аудит мезетінен жоспарланған аяқталу мезетіне дейінгі жобаның үлкейтілген жоспары;
- Келесі айға арналған детальді жоспар;
- Барлық жобалық құжаттардың құрылымдалған мұрағаты және мұрағат құрылымының сипаттамасы;
- Жобаның тұрақты мерзімді репорттары;
- Орындалған жобаны талдау нәтижелері (аяқталған жоба үшін).

